

## Егіндікөл ауданы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № а-5/78 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Егіндікөл ауданы әкімдігінің:

"Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2012 жылғы 05 шілдедегі № а-7/201 (Ақмола облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 02 тамызда № 1-8-132 тіркелген, 2012 жылғы 06 тамыздағы № 28 "Егіндікөл" аудандық газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Егіндікөл ауданының әкімі*

*Н. Төлепов*